

Инвотакси қызметін алушылардың санатын, объектілердің және белгіленген пункттердің тізбесін кеңейту туралы

Жамбыл облысы Сарысу ауданы әкімдігінің 2023 жылғы 12 қазандағы № 193 қаулысы. Жамбыл облысы Әділет департаментінде 2023 жылғы 18 қазанда № 5097 болып тіркелді.

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына, Қазақстан Республикасының Әлеуметтік кодексіне сәйкес және Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің м.а. 2013 жылғы 1 қарашадағы "Автомобиль көлігімен мүгедектігі бар адамдарды тасымалдау жөнінде қызметтер көрсету қағидаларын бекіту туралы" №859 бұйрығын басшылыққа ала отырып, аудан әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Сарысу ауданының аумағында инвотакси қызметін алушылардың санаттары келесі тұлғалар санаттарымен кеңейтілсін:

1) бірінші топтағы мүгедектігі бар және бүйрек аурулары бар адамдар.

Ескерту. 1-тармаққа өзгерістер енгізілді - Жамбыл облысы Сарысу ауданы әкімдігінің 02.05.2024 № 187 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

2. Инвотакси қызметтерін көрсетуге арналған объектілердің және белгіленген пункттердің тізбесі келесі орындармен кеңейтілсін:

1) мәдени іс-шаралар, дәріханалар, тіс емханалары, екінші деңгейлі банктер, коммуналдық қызмет көрсетуші мекемелер, мешіттер;

2) бүйрек аурулары бар адамдар үшін Жамбыл облысы, Талас ауданы, Қаратау қаласы.

Ескерту. 2-тармаққа өзгерістер енгізілді - Жамбыл облысы Сарысу ауданы әкімдігінің 02.05.2024 № 187 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау осы салаға жетекшілік ететін аудан әкімінің орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Ескерту. 4-тармаққа орыс тілінде өзгеріс енгізілді, қазақ тіліндегі мәтіні өзгермейді - Жамбыл облысы Сарысу ауданы әкімдігінің 02.05.2024 № 187 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК